

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің «6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған

Куркимбаева Айжан Муратовнаның

«Туристік блогинг: коммуникативтік стратегиялар мен тактикалар (ағылшын және қазақ тілдері материалдары негізінде)» атты диссертациялық жұмысына

## ПКР

А.М. Куркимбаеваның диссертациялық зерттеуі ағылшын және қазақ тілдері материалдары негізінде туристік блогингы зерттеуге және осы дискурсты жүзеге асыратын коммуникативтік стратегиялар мен тактикаларды зерделеуге арналған өзекті тақырып аясында орындалды. Тақырып заманауи коммуникация түрін талдауға арналған. Туристік блог-дискурс отандық филология саласында бұрын зерттеу нысаны болмағандығы да диссертациялық жұмыстың өзектілігін арттыра түседі. Туризм саласын дамыту бүгінгі күні мемлекет тарарапынан қолдау табуда. Осы орайда диссертациялық жұмыс еліміздегі заман талабына сай орындалған еңбек деуімізге болады.

Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшадан тұрады. Ізденуші туристік блог-дискурсты позитивті коммуникативті стратегия мен құндылықтарға бағытталған коммуникативті стратегиялар негізінде зерделеп, олардың ағылшын және қазақ тілдерінде туристік блог-дискурс адресаттарына ықпал етудің вербалды және бейвербалды тәсілдерін анықтаған.

Докторант диссертациялық жұмысында туристік блогингты мақсатты аудиториясына байланысты VIP туристік дискурс, бюджеттік туристік дискурске бөліп қарастырған. Сонымен қатар тақырыптық бағыт бойынша бүгінгі күні танымал туристік бағыттар болып саналатын діни туризм мен спорттық туризм негізінде талдаған.

Зерттеу барысында А.М. Куркимбаева блог, туристік блог-дискурс, коммуникативті тактика, пост-мәтін, туристік дестинация түсініктеріне зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып, анықтамалар ұсынған. Пост-мәтіндерді талдау барысында коммуникативті тактиканың алты түрін ұсынған. Зерттеу материалдары негізінде туристік блог-дискурс жіктеліміне толықтырулар ұсынылған. Жұмыстың ғылыми жаңалығы шынайы. Докторант А.М. Куркимбаеваның диссертацияны жазу стилі түсінікті.

Зерттеу жұмысының қорытындылары мен нәтижелері бойынша отандық және шетелдік ғылыми баспаларда, ғылыми-теориялық халықаралық конференцияларда 18 ғылыми мақала жарық көрген. Диссертациядан алынған нәтижелері логикалық бірлікте, бөлімдер мен тақырыпшалар байланысы тікелей тақырыпқа сай. Диссертациялық жұмыстың құрылымы, мазмұны,

алынған нәтижелер мен қорытындылардың сабактастығы, докторанттың қойылған ғылыми мақсатты шешүге бағытталған еңбек деп бағалауга болады.

Болашақ ғылыми еңбектерінде туристік блог-дискурсты виртуалды туристік мұражайлар тәрізді материалдар негізінде зерделесе, тағы да бір қызықты заманауи еңбек келері сөзсіз.

А.М. Куркимбаеваның «Туристік блогинг: коммуникативтік стратегиялар мен тактикалар (ағылшын және қазақ тілдері материалдары негізінде)» атты диссертациясы тақырыбы өзекті, мақсат-міндептері айқын, нақты зерттеу нәтижелері бар жұмыс. ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәреже беру ережесі» талаптарына сәйкес келеді. Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, Куркимбаева Айжан Муратовнаның «Туристік блогинг: коммуникативтік стратегиялар мен тактикалар (ағылшын және қазақ тілдері материалдары негізінде)» атты диссертациясы «6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп бағаланады.

### Пікір беруші:

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, Аударма  
теориясы мен практикасы кафедрасының профессоры,  
филология ғылымдарының докторы

Тел: +7 701 394 32 27  
E-mail: [satenova\\_sk@enu.kz](mailto:satenova_sk@enu.kz)

С.К. Сәтенова

